

5-сынып. Олимпиадаға дайындық курсы

30-сабақ

Тақырып: Кесте арқылы шешілетін логикалық есептер

Сынып жұмысы

1. Арман, Жанат, Манат, Талғат және Құндыз жеміс терді. Екі бала тек алмұрт, үш бала тек алма терді. Құндыз бен Талғат бірдей, ал Жанат пен Талғат әртүрлі жеміс терді. Егер Жанат пен Манат әртүрлі жеміс терген болса, әр бала қандай жемістерді терді?
2. Бөтелке, стакан, құмыра және банкада сүт, лимонад, айран және су бар. 4 ыдысты шеңбер бойымен қойды. Су мен сүт бөтелкеде емес, лимонады бар ыдыс құмыра мен айран құйылған ыдыстың арасында тұр, ал банкада лимонад та, су да құйылмаған. Стакан банка мен сүт құйылған ыдыстардың арасында тұр. Қай ыдысқа қандай сусын құйылған?
3. 5-6 сыныптар арасындағы жарысқа қатысып жатқан топта үш бала бар. Арлан, Нұрасыл және Заңғар. Балаладың фамилиялары үш түрлі. Жанатов, Оспанов және Ахатов. Арлан Ахатов емес, ал Нұрасылдың әкесі инженер. Нұрасыл 6-сыныпта, ал Ахатов 5-сынып оқиды. Жанатовтың әкесі заңгер болса, Нұрасылдың фамилиясы қалай?
4. Республикалық олимпиадаға қатысып жатқан Үсен, Асқар, Нұржан және Мұрат әртүрлі Тараз, Ақтөбе, Атырау және Семей облыстарынан келген. Үсен Семейден келген баламен бір бөлмеде тұрады және олардың екеуі де Таразға да, Атырауға да барып көрмеген. Бос кездерінде олар Free Fire ойнап, Нұржан Тараздан келген баламен бірге Семейден келген балаға қарсы ойнады. Егер Мұрат және Тараздан келген бала шахмат ойнауды ұнататын болса, кім қайдан келген?
5. Жүгіру жарысында Асан Болаттан және тағы 2 қатысушыдан қалып қалды. Әміре Ғалымжаннан озып, Дастаннан кейін келді. Дастан Болатты озғанымен Ермектен кейін мәреге келді. Кім нешінші келді?
6. Төрт түрлі ақ, көк, қызыл және жасыл қағаздардан, төрт түрлі шаршы, дөңгелек, ромб және үшбұрыш қиып алды да шеңбер бойымен қойылды. Дөңгелек ақ та, жасыл да емес. Көк фигура ромб пен қызылдың арасында тұр. Үшбұрыш көк те, жасыл да емес. Шаршы үшбұрыш пен ақ фигураның арасында тұр. Қандай фигура жасыл?
7. Айжан, Жанар, Гүлжан және Балжан төрт түрлі жұмыс істейді. Журналист Айжан туралы және Балжан туралы мақала жазған. Тренер мен журналист Жанармен бірге сапарға барып келді. Жанар мен Айжан алдыңғы аптада дәрігерге тексерілді. Кім мұғалім?

8. Аслан, Жанат, Қанат, Мағжан және Нұрбол кезекте тұр. Аслан Жанаттан алдын, бірақ Нұрболдан кейін тұр. Қанат пен Нұрбол қатар тұрған жоқ. Мағжан Нұрболмен де, Аслан мен де, Қанатпен де қатар тұрған жоқ. Кім үшінші тұр?
9. Мектепішілік олимпиадаға 6 бала бір пәннен қатысты және әртүрлі орындарды алды. Айман Болаттан 3 орынға қалып қалды. Ермек Болаттан жоғары орында, бірақ Дастаннан кейін. Әсем Гүлжаннан озды. Әр оқушының орындарын анықта.
10. Дамир, Қайрат және Шынар әрқайсысы 2 тілден біледі. Бір адам білетін тілде басқа ешкім сөйлей алмайды. Французша және испанша білетіндер Ақтөбе футбол клубының жанкүйерлері. Дамир үшеуінің ең кішісі. Шынар немісше және испанша сөйлестіндерге жиі қонаққа барады. Неміс тілін білетіні арабша сөйлейтіннен үлкен. Дамир Америкаға ағылшын досымен ғана барады, ал арабша сөйлейтін досы Америкаға барып көрмеген. Қытайша сөйлейтін кім?